ӘОЖ 93/94
ҒТАХР 03.09.25
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.103(3).11

Смаханова Ж.С.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: z.deil@mail.ru

ТАРИХ ОҚУЛЫҚТАРЫНДА ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНІҢ КӨРІНІС БЕРУІ: ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТЕНДІРУ

Аңдатпа. Мақалада қытай жазба деректеріндегі орта ғасырдағы қазақ тарихына қатысты мәліметтердің еліміздің жалпы орта білім беретін мекемелерінде қолданылатын тарих оқулықтарында көрініс беру мәселесі қарастырылады. Мақалада негізінен «Мектеп» және «Атамұра» баспасының Қазақстан тарихы оқулықтары қарастырылып, ондағы мәліметтер тарихнамалық және деректанулық еңбектермен салыстырылды. Мақалалық зерттеуде деректанулық сын, тарихи-салыстыру және мәтіндерге талдау әдістері қолданылды. Қытай ғалымы Су Бэйхайдың ((苏北海, 1915-1999 жж.) XX ғасырдың 80-жылдарында жазылған еңбегі де пайдаланылды. «Қазақтың жалпы тарихы» атты қолжазбалық бұл еңбегі қытайдың сонау коммунистік тарихнамасына сүйене жазылғанымен, Қытайдың сол кездегі цензурасынан өтпей қалған еді. Сондықтан да Су Бэйхайдың аталған еңбегі сыни талдауды қажет ететін мәтінге мысал ретінде зерттеуімізде пайдаланылды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей қытай деректері оқу мәтініне негізінен жеке талдау құралы емес, белгілі бір тарихи оқиға немесе ақпаратты растаушы ретінде енгізілетіні анықталды. Сондай-ақ, сол деректердің түрлері, ондағы тархи контексті оқулық мәтіндерінде ашып көрсетілмейтіні де анықталды. Бұл зерттеуде негізінен мына мәселе айқындалды: біріншіден, мазмұнның дидактикалық редукциясы, яғни күрделі мәтінмен берілетін тарихи оқиғаны оқушының жас ерекшелігіне бейімдеп беру мақсатында түрленуі. Екіншіден, дерекке қатысты сыни ойлауды қажет ететін арнайы тапсырманың болмауы. Қазақ тарихына қатысты қытай деректері, әсіресе сол елдің тарихнамасындағы қағидаттар негізінде жазылған еңбектерді оқулық мәтініне сыни талдаусыз қолдану өз тарихымызды баяндауда ұстанатын ұстанымдарға қарсы баяндауға алып келетіні көрсетілді. Сондықтан да, мектептегі тарих пәніне деректанулық сауаттылық элементтерін енгізу, бастапқы түпдерек пен интерпретациясын ажырату, ортағасырлық деректермен жұмыс істеуге арналған әдістемемен көмектесудің шаралары ұсынылды.

Кілт сөздер: қытай деректері, Қазақстан тарихы, қытай тарихнамасы, мектеп оқулықтары, ортағасырлар, интерпретация, редукция, деректанулық сын, Су Бэйхай, тарихнамалық нарратив, тарихи білім.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Шығыс жазба деректерінің қазіргі тарихи білім берудегі репрезентациясы мәселесі барған сайын ерекше маңызды болуда. Мектеп оқулығы бұл тұрғыдан келгенде ерекше орын алады, себебі ол жай ғана дидактикалық мәтін емес, ол бірнеше буын оқырмандардың, халқымыздың тарихи

білімін, тарихи санасын қалыптастыратын нормативтік нарратив болып табылады. Сондықтан қазақ тарихнамасына қатысы барлық жазба ескерткіштердің, соның ішінде ең алдымен қытай жылнамаларының мәліметтері оқу мәтініне қандай жолмен енгізілетіні туралы мәселе деректанулық әрі педагогикалық тұрғысынан маңызды. Орта ғасырлардағы қытай жазба дереккөздері Қазақстан тарихын зерттеу үшін маңызы зор тарихи куәліктер. Тарихи жылнамалар, атап айтқанда «Юань ши», «Цзинь ши», дипломаттар мен саудагерлердің жазбалары қазіргі Қазақстан аумағындағы тарихи география, этникалық құрам, шаруашылық құрылымдар мен мемлекеттік бірлестіктер туралы басқа деректерде дәл осындай дәрежеде егжей-тегжейлі кездеспейтін бірегей мәліметтерді қамтиды. Олардың ерекше құндылығы қытай тарихнамалық дәстүрінің оқиғаларды империялық Қытайдың тікелей қатысушысы болған тұрғысынан тіркеуінде жатыр.

Қазақ тарихына қатысты қытай деректерін мектептегі оқу басылымдарына енгізуде кейбір мәселелерге назар аудару керек. Ол мәселенің бірі сол деректердің табиғаты, яғни шығу тарихына байланысты. Білетініміздей, бұл деректер ресми қытай тарихнамасында әулеттер туралы тарихының бір бөлімінен көрші елдердің тарихын да жүйелеп жазу дәстүрін қалыптастыру нәтижесінде пайда болған. Яғни, ондағы мәліметтерді сыни талдаусыз оқулық мәтініне енгізу тарихи ақиқатты бұрмалаумен тең болуы мүмкін. Қытай тарихшысы Су Бэйхайдың 1980 жылы жазылған және қытайдағы цензураға байланысты жаппай жарияланбаған «Қазақтың жалпы тарихы» еңбегінде қазақ жерінде екі жарым мың жылдық тарих бар екенін дәлелдейді. Дегенмен, еңбектің қытай коммунистік партиясының қағидасына сай жазылғанын ескеруіміз керек. Міне, сондықтан да оны тиісті деректанулық талдаусыз дерекөз ретінде пайдалану қытай елінің белгілі бір идеологиялық контекстіндегі ұстанымдарды өз тарихнамамызда ұстанатындай шатастыруға әкелуі мүмкін.

Осы **тақырыптың өзектілігі** орта ғасырлардағы қытай деректері тарих оқулықтарында толық әрі дұрыс интерпретацияланып және бүгінгі ғылым деңгейіне сәйкестігін талдауға арналған зерттеулердің аздығымен негізделеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін әрі бүгінгі күндегі Қазақстан тарихын оқыту бағдарламаларын қайта жаңарту жағдайында бұл мақалалық зерттеу маңызды.

Зерттеудің мақсаты – орта ғасырдағы қытай жазба деректерін орта білім беру мекемелеріндегі тарих оқулықтарында көрініс беру тәсілдерін кешенді талдап, оларды интерпретациялау мен өзектендірудің негізгі мәселелерін анықтау.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- қытай жазба деректерінде кездесетін қазақ тарихына қатысты (соның ішінде оқулық тақырыптарына сай келетін) мәліметтердің ақпараттық әлеуетін сипаттау;
- 6-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулықтарында кездесетін қытай деректерінің жиілігін анықтау;

Зерттеу нысаны – үстіміздегі оқу жылында білім беру үдерісінде қолданылған Қазақстан тарихы оқулықтары.

Зерттеу пәні – берілген оқулық мәтіндеріндегі қытай деректерін интерпретациялау және өзектендіру тәсілдері.

Бұл зерттеуде **пайдаланған әдебиеттерді** үшке бөлуге болады: 1) Қазақстанның тарихы кездесетін қытай жазба деректері. Соның ішінде Юань әулетінің тарихымен байланысты қарастырылатын Жошы Ұлысының тарихын қамтитын деректер де бар; 2) зерттеуіміздің нысаны ретінде пайдаланған білім беру мекемелеріндегі қолданыстағы «Мектеп» (авторлары: Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева Т., Ноғайбаева М.) және

«Атамұра» (авторлары: Бакина Н., Жанақова Н., Сүлейменова К.) баспаларының 6-сыныпқа арналған оқулықтары; 3) зерттеушілердің ғылыми еңбектері. Олардың қатарында Т.З. Қайыркеннің Сырдария, Талас және Жетісу өңірлеріндегі ортағасырлық қоныстардың тарихи географиясына қатысты қытай, араб және парсы деректеріндегі мәліметтерді зерттеуге арналған еңбегі; А.М. Алмағамбетованың қарахан-қытай қатынастарын зерттеуге арналған тарихнамалық шолуы; Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты қолжазбасы және оған тарихшы Т.З. Қайыркен жүргізген деректанулық талдауы бар.

Мақаланың **ғылыми жаңалығы** орта ғасырлардағы қытай жазба дереккөздерінің оқу басылымдарда репрезентациялану тәсілдерін арнайы деректанулық және тарихнамалық тұрғыдан зерттеудің алғаш рет қолға алынуымен айқындалады. Осы уақытқа дейін Қазақстан тарихына қатысты қытай дереккөздерін зерттеуге арналған еңбектер, қазақ-қытай тарихнамалық байланыстарының жалпы мәселелеріне арналған зерттеулер немесе жекелеген тарихнамалық тұжырымдамалар, ең алдымен Су Бэйхай мұрасын, мазмұндық тұрғыдан сынға алған жұмыстар болғанымен, осы деректанулық және тарихнамалық ізденістердің нәтижелері оқушыларға арналған оқу мәтіндеріне қалай енгізілетіні (немесе енгізілмейтіні) туралы мәселе тек педагогика саласында қарастырылып келді.

Мақаламызда осы мәселені талқылап, оқу басылымдарын болашақта әзірлеуде ескеретін мынандай ұсыныстар айтылады: оқу басылымдарына жүйелі контент-талдау жүргізіп, ондағы қытай деректерін сараптау; оларға толыққанды деректанулық сыни талдау жасалуын анықтау; оқу мәтіндерінде кездесетін өзектілігін жойған, пікірталас тудыратын деректер мен сол деректер арқылы беріліп тұрған тарихи сюжетті анықтау.

Материалдар мен әдістер

Мақалада орта білім беру мекемелерінде қолданылатын оқу басылымдары тек білім көзі ғана емес, сондай-ақ өскелең ұрпақтың тарихи санасын да қалыптастыратын құрал ретінде қарастырылады. Сондықтан оқулықта көрініс беретін қытай деректері мен олардың тарих ғылымындағы бағасына арналған ғылыми еңбектер пайдаланылды [1].

Зерттеуде негізінен деректанулық талдау, тарихи-салыстыру және мәтіндерге контен-талдау әдістері қолданылды [2].

Оқу басылымдарындаға орта ғасырларға қатысты мәліметтерді талдау барысында қытай деректеріндегі мәліметтер тарихнамалық интерпретациялармен салыстыра қарастырылды. Өйткені бұл тәсіл бізге түпдеректегі ақпараттың оқулық мәтініне айналу барысында немесе қосымшасында ықшамдалып беру барысында қаншалықты іріктелгені, қандай тұстары дидактикалық өңделгенін анықтауға мүмкіндік береді. Ал ғылыми еңбектерден сол түпдеректің сенімділігін салыстыра қарастыра аламыз [3].

Деректердің ғылыми зерттеулерде қалай интерпретацияланғанын көру мақсатында Су Бэйхайдың еңбегі, қазақ-қытай байланыстарын қарастырған зерттеулер де пайдаланылды. Өйткені осы зерттеулер арқылы мектеп оқулықтарындағы деректер мәтіні мен сол арқылы баяндау нұсқасын академиялық арнайы еңбектермен салыстырып, оқулық мәтінінде ақпараттың дидактикалық түрлену барысында ғылымилығы, нақтылығы сақталғанын көре аламыз [4].

Қолданған деректер мен пайдаланған зерттеулер ортағасырлардағы оқиғалар оқу мәтінінде қайшылықсыз берілгенін көрсетті. Бірақ айырмашылықтар да жоқ емес. Дегенмен, айырмашылық тарихи фактіні бұрмалауда емес, тек олардың оқушы

деңгейіне сәйкес дидактикалық ережелерді сақтай отырып түрленуінде көрінді. Ғылыми зерттеулер қытай деректерінің сенімділігін сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді [1-142], [5], [6].

Зерттеу нәтижесінде мынандай мәселелер байқалды. 6-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулықтарында қытай деректері жеке дерек емес, тақырыпқа қатысты тарихи оқиғаға қосымша мәліметтер ретінде берілген. Және де Қытайға қатысты нарративтің ұлттық бірегейлік тұрғысынан берілгенін байқаймыз [1-143]. Қарахан мемлекеті мен Қытай арасындағы байланыстар туралы зерттеулерде де қытай мәтіндерін растайтын тұжырым қайталанып отырады. Бұл материалдар арқылы негізінен жаңа ақпарат алудың орнына мемлекетаралық байланыстарды, сауда және мәдени байланыстарды, географиялық атауларды нақтылай түсуге болады. Яғни, қытай деректерінің ғылыми құндылығы тек жаңа ақпарат алуда ғана емес, ел тарихына қатысты мәліметтерді кейде толықтырып, кейде нақтылай түсуінен де байқалады [5-117], [6-1]. Қытай тарихшысы Су Бэйхайдың жоғарыда аталған еңбегі қазақ тарихын барынша терең әрі кең ауқымда қарастыруға ұмтылған еңбек болып саналады. Көрші ел тарихшысының еліміздің тарихын тереңнен қарастыруы оның объективті тарихшы екенін көрсеткенімен де ондағы мәліметтерді пайдалануда сақтық қажет. Зерттеушілер Су Бэйхай еңбегін қытай коммунистік тарихнамасының көзқарастарына тәуелді тұстары да бар еккенін атап өтеді. «Қазақтың жалпы тарихы» еңбегіндегі мәліметтер мен қорытындылар міндетті түрде деректік сыннан өткізілуі тиіс [4-556].

Деректердің бастапқы мәтіні оқу басылымының бетіне түсу барысында оқулық жазу ережесіне, оқушының жас ерекшелігіне байланысты дидактикалық өзгеріске ұшырайды. Бұл кезде түпдеректегі баламалы кейбір артық мәтін бөліктері қысқарады, кейде мүлдем алынып тасталынады, ал күрделі сюжеттер қарапайым деңгейге дейін өзгереді. Сондықтан деректердің оқулықта берілген нұсқасындағы ақпаратты ғылыми зерттеулермен салыстыру арқылы шынайылығын анықтай аламыз [5-110], [1-144].

Зерттеу нысаны етіп алған екі баспаның тарих оқулықтарында ортағасырларға қатысты қытай деректеріндегі ақпаратты бұрмаламай және тарихи баға берілген түпдеректерді қолданған деген қорытынды жасаймыз. Деректер оқулықтарда тарихи үдерістерді дәлелдеудің құралы және өткенді ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндірудің бір жолы ретінде пайдаланылады. Сонымен деректер оқулықтарда бұрмаланбайды, мәселе оларды жас ерекшелікке қарай түсіндіру деңгейінде пайда болады. Сондықтан тарихи материалды ықшамдау, ондағы мәліметтерді іріктеп пайдалану кезінде түпдеректің шығу тегін, сенімділік деңгейін басқа зерттеулермен салыстыра қарау арқылы ескеру керек.

Нәтижелер және талқылау

Осы мақалада пайдаланылған әдебиеттерге жүргізілген талдау ортағасырлардағы қытай деректерінің мәліметтерін оқулықтарда пайдалануда өзінің бір тұрақты заңдылығы барын көрсетті. «Мектеп», «Атамұра» баспалары әзірлеген 6-сынып оқулықтарын салыстырмалы қарастыру нәтижесінде оқулық авторларының деректерді тек қосымша материал ретінде пайдаланғаны байқалды [7], [8]. Яғни, баяндалған мәселені растай түсу үшін қолданылады, бірақ жеке өзі жаңа бір мәлімет беруші ретінде қолданылмайды [5-119]. Осындай ерекшелігіне байланысты қытай жылнамалары ғылыми әдебиетте де, мектеп оқулықтарында да негізгі емес, қосымша растаушы дереккөз ретінде қарастырылады. XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылықтары туралы тақырыпта «Юань ши» сияқты деректерден алынған мәліметтер көбіне оқиғаларды мерзімдеу немесе белгілі бір тарихи-географиялық нысандарды нақтылау мақсатында

ғана пайдаланылады. Ал бұл деректердің өзіндік түсіндірмелік және талдамалық әлеуеті, әдетте, ашылмай қалады. Соның салдарынан оқушы қытай деректеріндегі мәліметтер арқылы әкімшілік құрылымдардың өзгеруі, сауда жолдарының қызметі, түркі тайпаларының көші-қоны және демографиялық үдерістер туралы құнды мәліметтерді алғашқы түпдеректен біле алмайды. Алғашқыда бұл қызметті оқулықтарға қосарлана жүретін оқу-әдістемелік кешенінің құрамына кіретін Хрестоматия атқаратын.

Қытай жазба деректерінің ішіндегі «Жиырма төрт тарих» (二十四史) жинағына енген еңбектер, сондай-ақ саяхатшылар мен дипломаттардың, яғни Сюаньцзанның, Ду Хуанның, Цзя Даньның жазбалары ерекше маңызға ие. Бұл деректер Сырдария, Талас және Жетісу өңірлерінің тарихы мен географиясы туралы көріністі көзге толық елестетуге мүмкіндік береді. Арнайы деректанулық зерттеулерде аталған материалдардың көне және ортағасырлық қоныстардың орналасуын анықтаудағы рөлі, әрбір дереккөздің ақпараттық әлеуеті мен сенімділік деңгейі, сондай-ақ олардың араб-парсы деректерімен өзара толықтырушы сипаты жан-жақты қарастырылады [3-60]. Алайда мектеп оқулықтары өзіндік дидактикалық талаптарға байланысты мұндай күрделі мәселелерді толық берілмейді.

Мысал ретінде оқулықтардағы мәтіннің Жошы Ұлысына (2018 жылғы басылымда бұл термин кездеспей, тақырып Моңғолдардың жаулап алуы деп берілген) арналған бөлімде келтірілген деректі қарастырсақ. XX-XXI ғғ. Қытай тарихнамасында Жошы Ұлысы тарихын түсінуін зерттеген еңбектерге сүйенсек, өткен ғасырдың бірінші жартысына дейін қытай ғалымдары негізінен Юань әулетінің тарихын ғана зерттеген. Сондықтан да ол кездегі ғылыми назар Шыңғыс ханға, Құбылай ханға, Қытайды басқару мәселелеріне аударылды. Нәтижесінде Жошы Ұлысы тарихы қытай зерттеулерінде дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырылмай, Моңғол империясы мен Юань әулеті тарихының шеңберінде ғана түсіндірілді [9], [11]. Қытай деректерін пайдалануда ондағы ақпаратты ғана емес, оны қалыптастырған тарихнамалық дәстүр мен зерттеушілердің және деректі жасаушылардың ұстанымдарын да ескеру қажет. Өйткені батыс ұлыстарға, Дешті Қыпшаққа және қазақ тайпаларының тегіне қатысты қытай жазба деректері Юань әулетінің сарайлық ортасында қалыптасты, яғни оқиғалар юаньдық билік көзқарасы тұрғысынан сипаттады. XX ғ. 80-жылдарынан бастап КСРО мен ҚХР ғалымдары арасындағы ғылыми байланыстардың нығаюы қытай тарихшыларының Жошы Ұлысы тарихын зерттеуінде өзгерістер байқалып, Алтын Ордаға, Дешті Қыпшаққа, түркі әлеміне арналған арнайы зерттеулер көбейіп, жаңа деректер ғылыми айналымға енгізілді [9-164]. Қытай тарихнамасының кейінгі жетістіктері біздің оқулық мәтіндерінде толық көрініс таппай немесе мүлдем енгізілмей қалған. Бұл жағдай елімізде алдағы уақытта жаңартылған мемлекеттік стандарт және жаңа 7 томдық академиялық Қазақстан тарихы негізінде қайта әзірленетін тарих оқулықтарын даярлау барысында қытай деректерінің оқулықтарда пайдалану тәжірибесін қайта қарастырып, ондағы ғылыми ақпаратты тереңірек енгізу қажеттігін көрсетеді.

Еліміздің сол кездегі Ғылым және жоғары білім Минситрлігінің, яғни 2018 жылғы AP05133970 ғылыми жобасы аясында Су Бэйхайдың төрт томдық «Қазақтың жалпы тарихы» атты қолжазбаны зерттеу, аудару және ғылыми басылым ретінде дайындау жұмыстары жүргізілді. Жоба материалдарында Су Бэйхайдың тарихи деректер негізінде қазіргі қазақтар мекендеп отырған аумақтағы этникалық және тарихи үдерістердің кемінде 2500 жылдық сабақтастығын көрсетуге ұмтылғаны атап

көрсетіледі. Сонымен қатар зерттеушілер еңбектің Қытайдағы коммунистік тарихнаманың әдіснамалық ұстанымдарына сәйкес жазылғанына ерекше назар аударады [4-570]. Алайда бұл еңбектерді пайдалануда сыни деректанулық талдау міндетті болып табылады. Өйткені автор ұсынған тарихи тұжырымдар белгілі бір идеологиялық және әдіснамалық ортада қалыптасқан. Тарихи білімді мектеп оқушысына жас ерекшелігіне қарай ұсыну кезінде ғылыми дәлдік пен дидактикалық түрлеу арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды.

XY ғасыр мәселелерінде Темір әулеті кезеңінің тарихы назар аудартады. Бұл кезең туралы деректер Әмір Темір мен оның мұрагерлері тұсында пайда болған жазба деректерде Темір мен оның ұрпақтарының көрші халықтарға қатысты саясаты, этникалық тарихы, экономикасы туралы құнды мәліметтер сақталған. Қарастырған оқулықтарда осы деректер жүйелі дұрыс көрсетілмеген. Көп жағдайда темірлік және қытайлық мәліметтер бір тарихи кезеңді сипаттайтын параллель ақпарат көздері ретінде ғана беріледі. Бірақ олардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтар, өзара толықтырушы қырлары немесе бір-бірін нақтылау мүмкіндіктері арнайы талданбайды. Соның салдарынан оқушылар әртүрлі өркениеттік және саяси ортада қалыптасқан деректердің бір тарихи оқиғаны қалай әртүрлі сипаттайтынын немесе бір-бірін қалай толықтыратынын толық түсіне алмайды [10].

Деректанулық тұрғыдан алғанда, темірлік және қытайлық деректерді өзара салыстыра қарастыру XV ғасырдағы саяси қатынастарды, этникалық үдерістерді, сауда байланыстарын және аймақаралық ықпалдастықты неғұрлым жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді [1-143]. Сондықтан бұл дереккөздерді оқулықтарда тек қатар келтірумен шектелмей, олардың арасындағы тарихнамалық және деректанулық байланысты көрсету мектептегі тарихи білімнің ғылыми деңгейін арттыра түсер еді.

Енді мәселенің кеңірек идеологиялық контекстін қарастырар болсақ, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі мектеп оқулықтарында, соның ішінде Қазақстан тарихы оқулықтарындағы қытай нарративі маңызды функция атқарады – сақтар, үйсіндер және түркілер туралы қытай деректеріне сүйене отырып, қазақ мемлекеттілігі мен этникалық тарихының терең тарихи тамырларын дәлелдеуге қызмет етеді. Осылайша, ортағасырлық қытай деректері де қазақ халқының тарихи бірегейлігін растайтын сыртқы күәлік ретінде саналады.

Жүргізілген талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады. Тарих оқулықтарында XIII-XV ғасырлардағы қытай деректері кеңінен пайдаланылады. Алайда олардың деректанулық және тарихнамалық ерекшеліктері жеткілікті деңгейде ашылмайды. Қытайдың жазба дәстүрі түркі-көшпелі әлемге қатысты баламалы көзқарас ұсынатын дербес түсіндіру жүйесі ретінде де, өзіне тән әдіснамалық шектеулері бар тарихнамалық мектеп ретінде де толық қарастырылмайды. Мысалы, Юань әулеті кезеңіндегі немесе кейінгі маньчжурлық орталықтандырылған көзқарастардың ықпалы мектептік баяндауда арнайы талданбайды.

Т. Қайыркен, Д. Махат, А. Қадысқызы және А. Алмағамбетова сияқты зерттеушілердің еңбектері осы мәселелерді сыни тұрғыдан қарастыруға қажетті ғылыми негіз қалыптастырады [3], [4], [5]. Дегенмен олардың деректанулық және тарихнамалық тұжырымдары мектеп оқулықтарының мазмұнына әлі де жеткілікті деңгейде енгізілмеген. Сондықтан академиялық деректану мен мектептегі тарихи білім беру практикасы арасындағы алшақтық XIII-XV ғасырлардағы қытай деректерін Қазақстанның қазіргі тарихи білім беру жүйесінде өзектендірудің басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу деректанулық та, дидактикалық та маңызы бар бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан тарихы бойынша 6-сыныпқа арналған оқулықты талдау орта ғасырлардағы қытай жазба дереккөздерінің оқу нарративінде негізінен дербес дәлелдеу базасы ретінде емес, растаушы материал қызметінде қолданылатынын көрсетті. Оларға жүгіну көбіне жекелеген сипатта және кей жағдайда декларативті түрде жүзеге асырылады: жылнамалық мәліметтер («Юань ши», «Цзинь ши», Юань дәуірінің дипломатиялық жазбалары) деректанулық түсіндірмесіз беріледі, яғни дереккөздің жанрлық ерекшелігі, шығу тегі және оның қалыптасқан тарихнамалық дәстүрі көрсетілмейді. Нәтижесінде оқушы белгілі бір мәліметті тарихи факт ретінде қабылдайды, ал шын мәнінде ол империялық қытайлық іс жүргізудің нақты саяси және мәдени контексіндегі интерпретация болуы мүмкін.

Интерпретация мәселелерінің ішінде делдал мәтіндер феномені ерекше орын алады. Қазақстандық ғылыми айналымға AP05133970 жобасы аясында енгізілген Су Бэйхайдың «Қазақтардың жалпы тарихы» (苏北海, 1980-жылдардың соңы) атты қолжазбасы қазақ тарихына қатысты қытай деректерін жалпылауға бағытталған ауқымды еңбек болып табылады. Сонымен қатар бұл жұмыс қытай коммунистік тарихнамасының қағидаттары үстемдік еткен жағдайда жазылды және Қытай Халық Республикасында цензуралық жарияланымнан өтпеді. Мұның өзі маңызды деректанулық белгі болып саналады. Осындай мәтінді XIII-XV ғасырлардағы қытай жылнамалары туралы мәліметтердің жанама дереккөзі ретінде сыни талдаусыз пайдалану қазақстандық тарихнамалық дәстүрге тән емес интерпретациялық ұстанымдардың тиісті әдіснамалық түсіндірмесіз пайда болуына алып келуі мүмкін.

Мазмұндық тұрғыдан зерттеу үш тұрақты мәселені анықтады. Біріншіден, дидактикалық, яғни қытай дереккөздеріндегі моңғол және моңғолдардан кейінгі кезеңдердегі далалық кеңістіктің саяси географиясы, этникалық құрамы мен мемлекеттік құрылымдары туралы бірегей мәліметтер оқулықтарда бірнеше жалпылама тұжырымдарға дейін қысқартылып, өздерінің талдамалық құндылығын жоғалтады. Екіншіден, сыни талдаудың жеткіліксіздігі орын алады, яғни қытай тарихнамалық дәстүріне тән, оқиғаларды «империялық орталық тұрғысынан» сипаттайтын көзқарас оқу мәтіндерінде арнайы көрсетілмейді. Бұл келтірілген мәліметтердің бейтарап әрі толық объективті екендігі жөнінде жалған түсінік қалыптастырады. Үшіншіден, тарихнамалық білім мен мектеп оқулығындағы нарратив арасында алшақтық бар: қазіргі қазақстандық және шетелдік медиевистиканың жетістіктері, атап айтқанда қарахан-қытай қатынастары, Сырдария мен Жетісудың тарихи географиясы, сондай-ақ қытай тарихнамасындағы Жошы Ұлысы тарихының қабылдануы жөніндегі зерттеулер оқу мәтіндерінде іс жүзінде көрініс таппайды. Осы тұрғыдан алғанда оқулықтардың мазмұны қазіргі ғылымның даму деңгейінен кейін қалып отыр.

Аталған мәселелерді кемшілік ретінде қарастыруға болмайды. Олар дидактикалық редукцияға негізделген оқу әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерінен туындайтын жалпы заңдылықтарды көрсетеді. Дегенмен дәл осы заңдылықтарды түсіну оларды еңсерудің алғышарттарын қалыптастырады. Қазақстан тарихын оқытуда шығыс дереккөздерімен жұмыстың сапасын арттыру қытай жылнамаларына жасалатын сілтемелер санын механикалық түрде көбейтуді емес, деректанулық сауаттылық элементтерін жүйелі түрде енгізуді талап етеді. Олардың қатарына дереккөздің

жанрлық сәйкестендірілуі, оның тарихнамалық контексін көрсету, бастапқы деректер мен интерпретациялардың арасын ажырату жатады.

Алғыс

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № ИРН AP26103675).

ӘДЕБИЕТ

[1] Кишибаева С.Б., Мэнцзе Ш. Формирование образа Китая в контексте школьных учебников по истории Казахстана // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Политология. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология. - №2 (том 151). - 2025. – 140-151стр. https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-140-151

[2] Рысбеков Т., Рысбекова С., Шинтимирова Б. Роль средневековых текстов в системе общих тюркских исторических источников // Turkic Studies Journal. - №2 (том 6). - 2024. – 109-132 стр. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-109-132

[3] Кайыркен Т.З., Ильясова З.С., Әлібекұлы А. Источники и исследования по исторической географии древних и средневековых поселений в Сырдарьинской, Таласской и Семиречьевской областях // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. - №2 (том 143). - 2023. – 54-73 стр. - https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-54-73

[4] Кайыркен Т.З., Махат Д.А., Кадыскызы А. Рукопись китайского ученого Су Бэйхая об истории казахского народа в Центральной Азии: исторический и источниковедческий анализ // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия Востоковедение и африканистика. - №4 (том 12). - 2020. – 556-572 стр. - https://doi.org/10.21638/spbu13.2020.406

[5] Алмагамбетова А.М. Изучение караханидо-китайских отношений в зарубежной англо-язычной историографии (2000-2022 гг.) // Turkic Studies Journal. Дипломатия и политика. - №2. - 2023. - 108-121 стр. - https://tsj.enu.kz/index.php/new/article/view/247/159

[6] Markhaba A., Zhemeney I., Rakhmetullin A., Bolatova K., Adilbayeva A. Medieval Kazakh History in Arab and Persian Sources // Rupkatha Journal on interdisciplinary studies in humanities. - №4 (том 13). - 2021. 1-15 стр. - DOI: 10.21659/rupkatha.v13n4.70 https://rupkatha.com/v13n470/

[7] Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева Т., Ноғайбаева М. Қазақстан тарихы (орта ғасырлар). 6-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. - 185 б.

[8] Қабылдинов З., Қалиев Ж., Бейсембаева А. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғасырлар). 8 (7)-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. - 208 б.

[9] Каратаев А.А., Сабитов Ж.М. История Улуса Джучи в китайской историографии // «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. - №3 (том 15). - 2025. - 163-173 стр.

[10] Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д. Тимуридские источники в истории средневекового Казахстана // "Қазақстан шығыстануы" ғылыми журналы. - №3 (том 15). - 2025. - 194-205 стр. https://doi.org/ https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/view/295/231

[11] Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Том 1-6.- Алматы: Дайк-Пресс, 2006, - 154 б.

REFERENCES

[1] Kishibaeva S.B., Mencze Sh. Formirovanie obraza Kitaya v kontekste shkol'nyh uchebnikov po istorii Kazahstana [Formation of China's image in the context of Kazakhstan history school textbooks]. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta im. L.N. Gumileva. Seriya Politologiya. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tyurkologiya [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series]. 2025;151(2):140–151. https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-140-151 [in Russian].

[2] Rysbekov T., Rysbekova S., Shintimirova B. Rol' srednevekovyh tekstov v sisteme obshchih tyurkskih istoricheskih istochnikov [The role of medieval texts in the system of common Turkic historical sources]. Turkic Studies Journal. 2024;6(2):109–132. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-109-132 [in Russian].

[3] Kajyrken T.Z., Il'yasova Z.S., Alibekuly A. Istochniki i issledovaniya po istoricheskoj geografii drevnih i srednevekovyh poselenij v Syrdar'inskoj, Talasskoj i Semirech'enskoj oblastyah [Sources and studies on the historical geography of ancient and medieval settlements in the Syr Darya, Talas and Semirechye regions]. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta im. L.N. Gumileva. Seriya Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences, Philosophy and Religious Studies Series]. 2023;143(2):54–73. https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-54-73 [in Russian].

[4] Kajyrken T.Z., Mahat D.A., Kadyskyzy A. Rukopis' kitajskogo uchenogo Su Bejhaya ob istorii kazahskogo naroda v Central'noj Azii: istoricheskij i istochnikovedcheskij analiz [The manuscript of Chinese scholar Su Beihai on the history of the Kazakh people in Central Asia: historical and source-study analysis]. Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Vostokovedenie i Afrikanistika [Vestnik of Saint Petersburg University. Asian and African Studies]. 2020;12(4):556–572. https://doi.org/10.21638/spbu13.2020.406 [in Russian].

[5] Almagambetova A.M. Izuchenie karahanido-kitajskih otnoshenij v zarubezhnoj angloyazychnoj istoriografii (2000–2022 gg.) [The study of Karakhanid-Chinese relations in foreign English-language historiography (2000–2022)]. Turkic Studies Journal. Diplomatiya i Politika [Turkic Studies Journal. Diplomacy and Politics]. 2023;(2):108–121. Available at: https://tsj.enu.kz/index.php/new/article/view/247/159 [in Russian].

[6] Markhaba A., Zhemeney I., Rakhmetullin A., Bolatova K., Adilbayeva A. Medieval Kazakh History in Arab and Persian Sources. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. 2021;13(4):1–15. https://doi.org/10.21659/rupkatha.v13n4.70

[7] Omarbekov T., Habizhanova G., Qartaeva T., Nogajbaeva M. Qazaqstan tarihy (orta gasyrlar). 6-synypqa arnalgan oqulyq [History of Kazakhstan (Middle Ages). Textbook for Grade 6]. Almaty: Mektep; 2018. 185 p. [in Kazakh].

[8] Qabyldinov Z., Qaliev Zh., Bejsembaeva A. Qazaqstan tarihy (XVIII–XIX gasyrlar). 8 (7)-synypqa arnalgan oqulyq [History of Kazakhstan (18th–19th centuries). Textbook for Grade 8 (7)]. Almaty: Atamura; 2018. 208 p. [in Kazakh].

[9] Karataev A.A., Sabitov Zh.M. Istoriya Ulusa Dzhuchi v kitajskoj istoriografii [History of the Jochi Ulus in Chinese historiography]. Qazaqstan Shygystanuy gylymi zhurnaly [Kazakhstan Oriental Studies Scientific Journal]. 2025;15(3):163–173. [in Russian].

[10] Tasilova N.A., Bajdavletova M.D. Timuridskie istochniki v istorii srednevekovogo Kazahstana [Timurid sources in the history of medieval Kazakhstan]. Qazaqstan Shygystanuy gylymi zhurnaly [Kazakhstan Oriental Studies Scientific Journal]. 2025;15(3):194–205. Available at: https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/view/295/231 [in Russian].

[11] Qazaqstan tarıhy týraly qytaı derektemeleri. Tom 1-6.- [Chinese requisites on the history of Kazakhstan]. Almaty: Daık-Pres, 2006, - 154 b. [in Kazakh].

Смаханова Ж.С.

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ СВЕДЕНИЙ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ XIII–XV ВЕКОВ В СОВРЕМЕННЫХ УЧЕБНИКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ ИНТЕРПРЕТАЦИИ И АКТУАЛИЗАЦИИ

Аннтоация. В статье исследуется проблема репрезентации сведений китайских письменных источников XIII-XV веков в современных учебниках истории Казахстана для средней общеобразовательной школы. Объектом анализа послужили учебники - издательства «Мектеп», издательства «Атамұра», рассмотренные в сопоставлении с корпусом историографических и источниковедческих работ по казахско-китайским историческим связям. Методологическую основу исследования составили источниковедческая критика, сравнительно-исторический и историко-генетический подходы, а также контент-анализ учебных текстов. В качестве отдельного аналитического кейса привлечена рукопись китайского учёного Су Бэйхая (苏北海, 1915–1999) «Общая история казахов», написанная в конце 1980-х годов в условиях принципов китайской коммунистической историографии и не прошедшая цензурное издание в КНР, как показательный пример текста-посредника, требующего критической верификации. Установлено, что китайские источники включаются в учебный нарратив преимущественно в подтверждающей, а не самостоятельной аналитической функции; жанровая специфика, историографический контекст и интерпретационные рамки источников при этом, как правило, не раскрываются. Выявлены три устойчивых типа проблем: дидактическая редукция содержания, отсутствие критической атрибуции и разрыв между достижениями современной историографии и учебным нарративом. Показано, что некритическое использование в учебных текстах обобщающих трудов по казахской истории, написанных в рамках китаецентричной историографической модели, воспроизводит интерпретационные установки, чуждые казахстанской историографической традиции. Предложен комплекс мер по актуализации: введение элементов источниковедческой грамотности в школьный курс истории, систематическое разграничение первичных свидетельств и вторичных интерпретаций, а также методическое сопровождение работы с иноязычными средневековыми источниками. Результаты исследования представляют интерес для специалистов в области историографии, источниковедения, дидактики истории и казахстанских исследований.

Ключевые слова: китайские источники; история Казахстана; китайская историография; школьные учебники; средние века; репрезентация; интерпретация; источниковедческая критика; Су Бэйхай; историческое знание.

Smakhanova Zh.

REPRESENTATION OF INFORMATION FROM CHINESE SOURCES OF THE 13TH–15TH CENTURIES IN CONTEMPORARY HISTORY TEXTBOOKS OF KAZAKHSTAN: ISSUES OF INTERPRETATION AND ACTUALIZATION

Annotation. This article examines the representation of information derived from Chinese written sources of the thirteenth to fifteenth centuries in contemporary Kazakhstan history textbooks for secondary schools. The study analyzes textbooks published by Mektep and Atamura and compares their content with a corpus of historiographical and source-critical studies on historical Kazakh-Chinese relations. The methodological framework is based on source criticism, comparative-historical and historical-genetic approaches, as well as content analysis of textbook narratives.

As a separate analytical case, the manuscript General History of the Kazakhs by the Chinese scholar Su Beihai (苏北海, 1915-1999) is examined. Written in the late 1980s within the framework of Chinese communist historiographical principles and never officially published in the People's Republic of China due to censorship restrictions, the manuscript serves as a representative example of an intermediary text requiring critical verification. The study demonstrates that Chinese sources are incorporated into textbook narratives primarily as corroborative evidence rather than as independent analytical materials. In most cases, the genre-specific characteristics, historiographical context, and interpretative frameworks of these sources remain unexplained.

Three persistent categories of problems are identified: the didactic reduction of source content, the absence of critical attribution, and a gap between the achievements of contemporary historiography and textbook narratives. The article further shows that the uncritical use of synthetic works on Kazakh history produced within a Sinocentric historiographical framework reproduces interpretative assumptions that are inconsistent with the traditions of Kazakhstani historiography.

To address these issues, the article proposes a set of measures aimed at updating textbook content, including the introduction of source-literacy components into the school history curriculum, the systematic distinction between primary evidence and secondary interpretations, and methodological guidance for working with foreign-language medieval sources. The findings are relevant to specialists in historiography, source studies, history education, and Kazakhstan studies.

Keywords: Chinese sources; History of Kazakhstan; Chinese historiography; school textbooks; Middle Ages; representation; interpretation; source criticism; Su Beihai; historical knowledge.